

Әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күші жойғал

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 18 сәуірдегі 2008 жылғы N 61 шешімі. Ақтөбе облысының Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2008 жылдың 28 сәуірде N 3-6-65 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 27 қыркүйектегі № 313 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2011.09.27 № 313 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабына, 7 баптың 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі № 548-ІІ «Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексі» Кодексінің 53 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес және күнделікті пайдаланылатын тауарларға бағалардың көтерілуіне байланысты аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның ауылдық жерлерінде тұратын және орталықтандырылған жылыту және жекешелендірілген көгілдір отынмен жылытуы жоқ 1, 2, 3 топ мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге, жетім балаларды асырап алушы отбасыларына, төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларына, қаза болған жауынгерлердің отбасыларына, көп балалы аналарға кесек отын алу үшін айлық есептік көрсеткіштің он есе мөлшеріндегі құны түрінде бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетілісін.

2. "Қарғалы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ-сі (Көшербаева О.М.) ауданның ауылдық жерлерінде тұратын және орталықтандырылған жылыту және жекешелендірілген көгілдір отынмен үйден тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай материалдық көмек көрсету үшін жылытуы жоқ 1, 2, 3 топ мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге, жетім балаларды асырап алушы отбасыларына, төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларына, қаза болған жауынгерлердің отбасыларына, көп балалы аналарға кесек отын алу үшін қаржы бөлсін.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2008.07.29 N 78 шешімімен.

3. Жиынтық табысы кедейшілік деңгейінен төмен болған аз қамтылған отбасыларға ай сайын ақшалай көмек көрсетілісін, аудандық білім бөлімі

тарапынан ай сайынғы берілген тізімдерге сәйкес үйден тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға, сондай-ақ 1, 2, 3 топтағы мүгедектерге және мүгедектік тобы бар бала кезінен мүгедектерге, еңбек жағдайындағы мертiккен мүгедектерге, әскери борышын орындауға байланысты емес мертiгу немесе ауру салдарынан мүгедектікке душар болған мүгедектеріне үш мың теңге көлемінде; ең кіші көрсеткіштегі және ең кіші көрсеткіштен төмен зейнетақы алатын зейнеткерлерге 1,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай көмек көрсетiлсiн .

Ескерту.3 тармаққа жана редакцияда - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2009.04.24 N 123 шешімімен.

4. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктелсін.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы: *хатшысы:*
С.Биисов *Ж. Құлманов*

Аудандық мәслихат